

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ ӘУЕ КӨЛІГІ ДЕПАРТАМЕНТІ ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
1994 жылғы 6 қаңтар N 29. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1996.12.19. N 1563 қаулысымен.

Әуе көлігін мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру мақсатында  
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің орталық аппараты  
құрамында Әуе көлігі департаменті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақ азаматтық  
авиация басқармасын қайта құру және "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік  
авиакомпаниясын құру туралы" 1993 жылғы 27 тамыздағы N 741 қаулысының 2  
тармағына сай, Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясына  
уақытша жүктелген мемлекеттік басқару функциясы Қазақстан Республикасы  
Көлік министрлігінің Әуе көлігі департаментіне берілетін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің орталық аппаратының шекті  
саны 25 адамға көбейтілсін. Министр орынбасарының қосымша тағы бір  
лауазымын енгізуге қатысты тармағы. <\*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 14.03.1994 ж.

N 264 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің орталық аппаратына  
бөлінетін қызмет автомобильдерінің саны 2 автомобильге көбейтілсін.

5. Әуе көлігі департаментінің аппаратын ұстауға жұмсалатын шығыстарды  
қаржыландыру мемлекеттік бюджетте мемлекеттік басқару органдарын ұстауға  
арналған қаржының есебінен жүргізілетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының көлік министрлігі бір ай мерзім

ішінде Әуе көлігі департаментінің құрылымы мен штат кестесін  
және ол туралы Ережені әзірлеп, бекітетін болсын.

7. Мыналардың күші жойылған деп саналсын:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан  
Республикасының азаматтық авиациясы қызметін басқаруды жетілдіру  
туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 53 қаулысының 3 тармағы;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақ азаматтық авиация басқармасының Жарғысын бекіту туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі N 576 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 27, 414 бап).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК